

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

человеческой любви, поскольку она требует больших духовных затрат индивида, в то время как эти затраты человек может положить во благо социума. Возможно, в этом причина ориентации общества на удовлетворение низменных потребностей и выставление их во главу угла. Сегодня уходят на задний план все духовные направляющие человечества, теряют свою актуальность моральные, этические нормы. На основании этого появляются такие концепции, которые полагают, что в будущем любовь станет вообще предельно рациональной или вовсе безэмоциональной. Об этом пишет И. Булычев: «Отношения полов, выигрывая по части свободы, столь же неизбежно понесут потери в плане любви, которая станет менее пылкой и романтической, более сдержанной и рациональной. Эта ситуация потенциально опасна для общества, так как ведет к утрате важной составляющей духовного и эмоционального мира человека и «механизирует» отношения между людьми [4, с. 186].

Ученик Макса Шеллера, Адольфа Райнаха и "отца феноменологии" Эдмунда Гуссерля – Дитрих фон Гильдебранд написал поистине значимую книгу по философии любви. Он выступил с необычайным пониманием человеческой любви. В его трактате «Метафизика любви» любовь не просто реабилитируется в качестве предмета философского анализа. Философия любви трансформируется в целостное учение о человеке, и любовь в нем предстает как сущностное выражение человека. Гильдебранд оригинальным способом показывает, что желание быть любимым, человеком которого любишь не имеет общего с эгоизмом, он показывает, что желание дарить самого себя, чтобы быть с любимым человеком является самостоятельным пожертвованием. Таким образом, фон Гильдебранд сопротивляется альтруизму, который утверждает, что надо действовать ради пользы других, не считаясь со своими личными интересами и не ждать любви в ответ. Я уверен, что данный труд является одним из тех источников, которые помогут нам понять что такое любовь и что такое любить и быть любимым.

Список использованных источников:

1. Хвастунова Ю. В. Размышления по поводу понимания сущности любви в работах Дитриха фон Гильдебранда / Вестник молодых ученых №3 [Текст] : сборник научных трудов / ред. В. Г. Бабин. - Горно - Алтайск : РИО ГАГУ, 2006.
2. Гильдебранд Д. фон. Метафизика любви/ Пер. с немецкого А. И. Смирнова. Изд-во "Алетейя" то "Ступени" – СПб., 1999.
3. Философия любви: История идей. //Философское образование: Научно–образовательный журнал. – 1999, № 2.
4. Минюшев, Ф. И. Социальная антропология: учеб. пособие для студентов вузов / Ф. И. Минюшев. – М. : Акад. проект : Фонд «Мир», 2004. – 288 с.
5. Отраднава О.А. Генезис философии любви// [Вестник Волгоградского государственного университета. – Серия 7: Философия. Социология и социальные технологии.](#)–2009, №1.

УДК 02.15.61

БАТЫРЛАР ЖЫРЫНЫҢ ОТАНСҮЙГІШТІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ

Қалдыбеков Ерден Ғабдыжалелұлы

erdenk_87@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Философия кафедрасының оқытушысы, Философия магистрі, Астана, Қазақстан.

Қазақ халқының эпостық жырлары – жас ұрпақты патриоттық-отаншылдыққа тәрбиелейтін құнды мұра. Өйткені жерді, елді қорғау – басты борыш. Отанын қорғау – елдік, азаматтық мұрат десек, осы жолда көптің көзіне түсіп, ерлік көрсеткен батырлар жайында шығарылған эпикалық туындыларың халық әдебиеті тарихынан алатын орны ерекше. Себебі, елдік пен ерлік адамзат қоғамының ұзына бойында күн тәртібінен түспей келе жатқан

мәселелердің бірі. Сондықтан, біздің халқымыз «Жау жоқ деме жар астында» сияқты қанатты сөзді ұрпақ санасына сіңіріп отырған [1].

Эпостық жырларда халықтың мәдени келбетінің сыртқы көрінісі болып табылатын рухани-өнегелік көзқарасы айқын бейнеленген. Баяндалып жатқан қимыл-әрекеттер мен оқиғалар негізгі эпикалық қаһарман – батырдың айналасында өріс алады. Батыр бейнесінде – эпоста кең етек алған жүріс-тұрыстың ежелден тура үлгілері, қарым-қатынас тәртібі мен өзге этикалық нормалар баяндалған.

Батырлық жырлардың сипаты айқын. Ол – халықтың бейбіт, тыныш өмір сүруді көксеген арманынан туындайды. Елге, бейбіт еңбекке қорған керек. Батыр бейнесін эпикалық мақсатта әсіре бейнелеуінде де үлкен мән бар. Бір өзінің бойында ол күштілік, ақыл, парасаттылық, адалдық қасиеттерін жинады. Бұл жанрлық сипаттар барлық халықтардың батырлық жырына ортақ.

Адамның ерлігі өзінің бұрын иеленген ең тандаулы патриоттық қасиеттерін, батырлық жасауға өзінің әзірлігін іс-жүзінде ашу қажет болған жағдайларда пайда болады. Демек, адамның ерлігі оның патриотизмінен туады, сондықтан ерлік патриотизмнің жоғарғы сатысы болып табылады. Егер адам бойында патриоттық сезімдер болмаса, ерлік қылық та болуы мүмкін емес.

Батырлар жырында жеке мүддеден гөрі ру, тайпа, ел мүддесі жоғары тұрады. Дәл осы белгіден ертегі батырлары мен эпостық батырлардың арасындағы бір айырмашылық көзге түседі. Ертегі батырлары ру қоғамының туу кезінде әрекет еткендіктен, олар көбіне үй ішінің, отбасы, ошақ қасының мүддесін басым көздейді. Ал эпостық жырлар патриархалдық-феодалдық қоғам нығайған кезде жырланғандықтан, оның батырлары ру, тайпа мүддесі мен жеке басының мүддесін ұштастырады.

Батырлар жырларының көпшілігі, негізінде, халықтың тарихына, қоғамдық өміріне тығыз байланысты туған. Халық өзінің тұрмыс-тіршілігінде елеулі орын алған жағдайларды батырлар жыры арқылы да елестетіп беруге тырысқан. Сондай-ақ, халық еңбек адамдарының тұрмысын және басқыншы жаудан ел-жұртын қорғау жолында жасаған жанқиярлық ерлік күресін ардақтап жырлауға мән берген.

Яғни, отансүйшілікке тәрбиелеу бұл батырлар жырының функциялық міндеттерінің бірі. Ал, отансүйшілік жоғарыдағы аталған патриотизм ұғымының қазақша баламасы. Қазақ халқы өзінің тарихи-мәдени прогресі мен экономикалық-саяси өрлеуінде қай кезеңде болмасын отансүйшілік принципті этникалық қоғамдық сананың маңызды буынына айналдырып, заманауи құндылықтар тұрғысынан бағамдап, ұлттық болмыстың өн бойында сақтап отырған. Отансүйшілік белгілі бір мәдени-әлеуметтік құндылық ретінде бағамдалған. Ол әрбір түркі азаматының өмірлік ұстанымы мен парызы ретінде мәнділік сипатқа ие болған.

Елін қорғау доминанты халқымыздың бүткіл тарихын құрайды, ұлттың қауымдасуының мәнді атрибутын білдіреді. Демек, отансүйшілік ең маңызды рухани құндылық ретінде халқымыздың өмірінде негізгі орынды иеленген.

Отансүйшілік – халықтарға, жеке адамға тән имплицитті қасиет. Ежелгі заманның өзінде, тарихтың ерте кезеңдеріндегі адамдардың рулық-тайпалық қатынастар жағдайындағы қорқыныш инстинктімен, өзін-өзі сақтау инстинктіне байланысты, тіршілік ету, түрлі кедергілермен, сұрапылдықпен, апаттармен күресу ықыласын қалыптастырған, және қоғамның әлеуметтенуіне, адамның адамшылдық қалыбын иеленуіне байланысты аталған қасиет рухани мәдениеттің мәндік, атрибутивтік сипатына айналды.

Әуелден адамдардың бірігуінің, тірі қалуының тәсілдерінің бірі болған отансүйшілік, уақыт өте келе мәдениеттің негізгі жетістігіне, өніміне айналады.

Патриотизм – кез келген халықтың ғана емес, әр адамның да өткені мен бүгінін байланыстырып отыратын маңызды әрі мәні терең философиялық категориялардың бірі. Патриотизм – әр адамның ішкі сезімінің күш-қуатын, ар-ождан деңгейін бейнелейтін, білдіретін ұғым. Ол әрқашан адам жанымен органикалық бірлікте. Патриотизм – адамның

қоғамнан, елінен, халқынан тыс тіршілік ете алмайтынын сипаттайтын әлеуметтік-саяси сипат [2].

Батырлық дастандар осынау кең байтақ жерімізді найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғап, біздерге қалдырған ата-бабаларымыздың бойындағы отансүйгіштік сезімді қалыптастырудағы ең негізгі шешуші орынды иеленді деп айтсақ артық болмайды. Жырлардағы батырлардың бейнесі, мінез-құлқы, ерліктері тыңдаушыларын еліктіре отырып, сол қасиеттерді олардың бойларына сіңдірді. Яғни, жырлардағы батырлар халықтың сұранысына жауап беретін бірден бір идеалды тұлғалар болды.

Қазақ эпостарының көпшілігі халықтың отанды сүю, басқыншы жаудан ел қорғау, халық үшін ерлік еңбек ету идеясынан туған. Басқыншы жаудың шапқыншылық шабуылдарына қарсы аттанған, одан ел-жұртын қорғап қалған батырларды, олардың ерлік істерін ардақтап халық аңыз-әңгіме, жырына қосқан. [3].

Өз елін тереңнен сүюшілік мотиві қазақ эпостарында психологиялық жағынан да дәлелденеді. Ұзақ сапар, жорықтарда болып, дұшпанда кеткен ары мен барымтаға түскен малын іздеген ерлер, елі, жері еске түскенде жер тітіреткен даңқын да, олжаға түсірген мүлкін де бір тиынға санамайды. Алпамсадай алыптар елі есіне түскенде буыны босап кетеді. Қазанды жеңіп, Көбіктінің көп жылқысын алып қайтқан сапарында Қобыландының Қараспан тауын жайлаған қалың қыпшақ елін сағынғанда өзегін өрт шалып, өзін қайда қоярға білмейді. Осы сықылды эпизодтар басқа эпостардан да табылады [4].

Бұл батырдың елінің алдындағы борышын сезінудің белгісі. Туысқандарының, халқының алдындағы борышы батыр қимылын әрқашан дұрыс жолға бастап отырды.

Батырлар жырында халық нағыз елінің қамын жеген азаматтың бойындағы қасиеттерге ерекше мән берген. Және олар басты құндылық болып табылған. Әрине бұл қасиеттер жырларда әсірелеу негізінде берілген. Дегенмен, бұл ел жанашырының бойынан табылуы тиіс отаншылдық, ерлік, батылдық, қаһармандық сияқты сипаттар болып табылады. Мысалға, Алпамыстың жырдағы ер жетуін баяндаудан сол қасиеттерді көруге болады:

Ұл бір жасына келгенде
Біл тасындай жайнады.
Екі жаста Алпамыс
Ер қаруын сайлады.
Үш жасына келгенде,
Ұшқан құстай ойнады.
Төрт жасына келгенде,
Төреге берді әділдік,
Алты жасқа келгенде,
Елдің қамын ойлады.
Жеті жасқа келгенде,
Қолына алды садағын.
Сегіз жасқа келгенде,
Шамалы жерге барады.
Тоғыз жасқа келгенде,
Туған айдай толады.
Он жасына келгенде,
Өзінің елін қорғады.
Он бір жасқа келгенде,
Әкесіне барады,
Ақ батасын алады.
«Мінейін» деп бір тұлпар
Жылқыға назар салады [4].

Осы бір үзіндінің өзінен отансүйгіштіктің өнеге боларлық маңызды рухани құндылық болып табылатынын байқауға болады. Жыршы осы құбылыс арқылы нағыз отанының жанашырына тән болуы тиіс қасиеттерді баяндай келе отаншылдықтың өлшемін беріп отыр.

Бұл – халықтың тілегі мен мекем мүддесінен, батырлардың ұмытылмас үлгісі мен үлкен үміттерінен туындаған өсиет және шешім. Ондай талаптар батырлардың бітімін келбеттеді, белесін көбейтті. Алпамыстың ерекше өсуі оның болашақта еліне қамқор болатын, халқының, жауларына қарсы күреске жарайтын батыр екендігін аңғартады. Оның күштілігі балалармен ойнағанда, жылқыға барып ат ұстап мінгенде, жалғыз өзі күзетке шыққан кездерінде көрініп тұрады.

Батырлардың бұлайша ерте есеюі, алыптықты жастайынан танытып отыруы бұл қаһармандық эпостарға тән ерекшеліктердің бірі. Бұл да кездейсоқ емес, эпикалық идеалдандырудың заңды сатысы. Себебі жырау да, халық та ел қорғаны батырдың тек осындай, өзгеше бітімді болуын аңсаған, өз қиялында ешбір жаудан әсте жеңілмейтін қаһарманның бейнесін тудырған.

Халық елін қорғаған ерлерді жоғары бағалайды, оларды қастерлей дәріптейді. Қобыландыны:

Қолдекең сонда тарықты,

Батыр сөзге толықсып,

Көп ойлады халықты, - деп жырласа, бірде Тоқтарбай үшін ғана емес, халық үшін туған батыр екендігін жыршы мақтаныш етіп, Аналық ананың ауызына:

Өлгенде көрген көбеген

Ел тілеуін тілеген, - деген сөз салады.

Атаның баласы ғана емес, адамның баласы екендігін айқындайды [5].

Жырдағы Қобыландының өз елін сүйетіндігі, әсіресе, Алшағырдың қыпшақты шауып кеткенін білгеннен кейінгі көріністе айқын байқалады.

«Жеті кәміл пірлері» аян беріп, еліңді Алшағыр шауып кетті дегенде, батыр шошып оянып, жас төгеді.

Түрегелді Қобыланды,

Көзінің жасы мөлтілдеп.

Мойыны кетті батырдың

Қуатсыз болып былқылдап.

Қос бүйрегі солқылдап,

Көзінің жасын ағызып,

Артық туған Қобыланды

Қарлығаның қасына

Азар келді былқылдап.

Елдің шабуылы батырға қандай әсер еткендігі бұл үзіндіден айқын көрінеді. Қобыландының басында үй-ішінің де қайғысы болар. бірақ, оның намысына өте-мөте қаттырақ тиген нәрсе – жалпы – елдің шапқыншылыққа ұшырауы. Байтақ жатқан қыпшақ елінің жау қолында кетуі.

Басқыншы жаудың Қобыландының ел-жұртын шауып әкетуі, халықты зар жылатып қызыл қанға бояғаны батырдың жанына батады. Ел басына туған ауыр күнге Қобыланды қатты қайғырады, көзіне қанды жас алады да:

Шерменде болған халқыма

Тигізетін пайда деп, –

жалғыз өзі тағы да майданға, елін Алшағырдан құтқарып алуға аттанады. Халқын аудан құтқарып алу үшін «шыбындай жанын шүберекке түйеді», бұл жолы тағы да ерлік істер жасауға бел байлайды. Сондықтан да жыршы-ақындар Қобыландыны ел-жұртын, халқын сүйген патриот ұл, шын батыр етіп жырлайды, оның ерлік істерін басқаларға үлгі етеді.

Көшпелі қоғамның кез келген мүшесі ерікті және ол ел-жұрттың тұтастығын сақтау үшін, отанының іргесіне сызат түсірмеу үшін сыртқы жауға қарсы бел көрсетуге парыз еді. Батыл қимыл, қырақты көзқарас, тәртіп, мораль, заң батырлар эпосының ішкі желісін

құрады. Ал батырлар жыры елдің нағыз перзенттерінің қоғамға, дінге, саясатқа деген көзқарастарын қалыптастыра алды. Еліне, жеріне деген ыстық сезім, батыл сенім, бір жағы әділеттілік пен әсемдікке деген талпыныс елдің қайсар, қайтпас, мықты жігіттерінің тұтас ұстанымын құрастырады [3].

Осылайша, қаһармандық дастандар ұзақ тарихи уақыт бойына жаңа буын ұрпаққа ұлттық мәдени тәжірибені беруге, адамдарды отансүйгіштікке және эпостардағы идеалды қаһармандар сияқты ерлік қимылдар жасауға дайын болуды тәрбиелеуге бағытталған көпфункционалы міндеттер атқарған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сейтжанұлы З. Елдік пен ерлік. ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. №5-6. 2013.126-127 б.
2. Альжанова У.К. Патриотизм как чувство и атрибутивное качество человека.// Социология нравственности: Сб. науч. стат. международной научно-практ. Конференции «Патриотизм как закономерное составляющее социальной культуры инновационно развивающегося современного казахстанского общества»/Под. общ. ред. Т.Ж. Калдыбаевой. Усть-Каменогорск, 27-28 июня 2007 г. – Усть-Каменогорск: Медиа-Альянс, 2007. – 308 с.
3. Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. Классикалық зерттеулер: Көп томдық. Т. 24 – Алматы: «Әдебиет Әлемі», 2014. – 408 бет.
4. Бабалар сөзі: Жүз томдық. Т. 33: Батырлар жыры. – Астана: «Фолиант», 2006. – 364 б.
5. Табылдиев Ә. Халық тағылымы (қазақтың халық педагогикасы және тәрбие). – Алматы: Қазақ университеті, 1992, – 200 б.

УДК 327.5

КАЗАХСКАЯ ФИЛОСОФИЯ О ПРОБЛЕМАХ НАСИЛИЯ, ВОЙНЫ И МИРА

Калыков Дархан Дауренулы

kalykov.wd@mail.ru

курсант Вольского военного института материального обеспечения, Вольск, Россия

Научный руководитель – С.В. Постников

Казахская философия – это мировоззрение, «говорящее» на казахском языке. По мнению современных казахских ее исследователей, она имеет 25-вековую историю. Нас интересует лишь период, начавшийся когда предки современных казахов составили первые документально зафиксированные источники о насилии, войне и мире. Достоверно можно сказать, что они оформились еще до XV в. Главное затруднение в этом вопросе вызывает отсутствие у казахов собственной письменности вплоть до XIX столетия. Поэтому будем полагаться на фольклорно-эпическую практику народа – его устное творчество.

Особенностями казахской социально-политической философии является следующее: экономические и военные проблемы казахов решались через преодоление политических кризисов с помощью философских размышлений; народная мудрость, выражающаяся в мироощущении и политических действиях народа, лежит в основе политических взглядов, непосредственно отражающих социальное бытие людей.

Одним из ранних произведений, относящихся к VI–VIII вв., отражающих стремление к миру, свободе, идеи патриотизма, является поэтическая легенда о горной долине Ергене-Конг. Это – своеобразная утопия, размышление о гипотетическом месте мирного сосуществования народов.

К VIII–X вв. относится создание героического эпоса тюрок «Коркыт ата», к XIII в. – эпос «Огыз-нама», к XIII–XIV вв. – эпос «Кобланды батыр», к XV в. – эпосы «Едиге батыр», «Ер-Саин», «Алып-Манас», в которых показана военная картина мира предков современных